

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КӘСІПОДАҚТАР ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ XXVI СЪЕЗІ

ҚАУЛЫ

2020 жылғы 2 қыркүйек

Нұр-Сұлтан қаласы

**Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясы
Бас Кеңесінің Кәсіподақтар федерациясы
XXIV және XXV (кезектен тыс) съездерінің
шешімдерін орындау бойынша қызметі туралы
есебі және Кәсіподақтар федерациясы қызметінің
2020–2025 жылдарға арналған міндеттері туралы**

Кәсіподақтар федерациясының XXVI съезі Федерация мен оның мүше ұйымдарының қызметі ҚРКФ-ның кезектен тыс XXIV және XXV съездерінің шешімдерін орындауға, кәсіподақ қозғалысын одан әрі нығайту мен дамытуға, кәсіподақ мүшелерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғауға, әлеуметтік серіктестік негізінде еңбекшілер өмірінің деңгейін арттыруға бағытталғанын атап өтті.

Есепті кезеңде Кәсіподақтар федерациясы және оның мүше ұйымдары жалдамалы жұмыскерлердің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша бірқатар маңызды шараларды қабылдады.

Кәсіподақтар федерациясының және мүше ұйымдарының өкілдері есепті кезеңде еңбек қатынастары, жұмыспен қамту, қарыз үшін еңбекті қолдану және т.б. мәселелерге қатысты заң жобаларын қарау барысында Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі жұмыс топтарының жұмысына белсенді қатысты.

Бүгінгі күні елімізде әлеуметтік серіктестік айтарлықтай жоғары деңгейде дамып келе жатқанын атап өткен жөн: Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыскерлердің республикалық бірлестіктері мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасында 2018-2020 жылдарға арналған Бас келісім, 21 салалық және 16 өңірлік келісім жасалды.

Кәсіподақтар федерациясының бастамасымен әлеуметтік-еңбек саласындағы мәселелерді қараумен Әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік пен еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның көшпелі отырыстары өткізілді.

Кәсіпорындар мен ұйымдардағы кәсіподақтардың 2015-2019 жылдар аралығындағы белсенді жұмысының нәтижесінде ұжымдық шарттардың саны 1,7 есеге өсті.

Республикалық кәсіподақ бірлестіктерінің өкілдері алғаш рет Қазақстан Республикасының Үкіметі, республикалық кәсіподақтар бірлестіктері мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы жаңа Бас келісім жобасында көрсетілген ортақ ұстанымдарды әзірледі.

Есеп беру кезеңінде Кәсіподақтар федерациясы жұмыс орнында қауіпсіз еңбек жағдайлары мен денсаулықты сақтау бойынша жұмыскерлердің мүдделерін үнемі қорғады. Кәсіподақтардың мемлекеттік органдар және жұмыс берушілермен бірлесе отырып, қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша қабылданған кешенді шараларының нәтижесінде 2015-2019 жылдары республикада өндірістік жарақатты 17,4%-ға, ал өліммен аяқталған жағдайларды 29%-ға төмендетуге қол жеткізілді.

Әлеуметтік серіктестіктің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, Кәсіподақтар федерациясы және оның мүше ұйымдары республикадағы қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселелеріне деген көзқарасты өзгерте алды.

Қазіргі уақытта әлеуметтік серіктестер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 441 қаулысымен бекітілген 2019-2023 жылдарға арналған өндірістік жарақаттануды және зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыс орындарын төмендету жөніндегі Жол картасын іске асыруда.

Ірі кәсіпорындарда Мемлекет басшысының 2019 жылдың мамырында бастамашылық еткен «Vision Zero - нөлдік жарақат» тұжырымдамасын ілгерілету бойынша «Халық бақылауы» жобасын іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда.

Кәсіподақтар федерациясы мен оның құрамындағы мүше ұйымдардың негізгі бағыттарының бірі төмен жалақы алатын жұмыскерлер жалақысының өсуін бақылау жөніндегі республикалық және өңірлік штабтардың жұмысына белсенді қатысу болды. 2019 жылы әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде және кәсіподақтардың қатысуымен республиканың 203 мың жұмыс берушісі төмен жалақы алатын 1,2 млн жұмыскердің жалақысын 32%-ға 46 мың теңгеден 61 мың теңгеге дейін көтерді.

Халықты әлеуметтік қорғау мақсатында 2019 жылғы 1 маусымнан бастап бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы 30%-ға көтерілді. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап білім саласы қызметкерлерінің жалақысы 25%-ға, мәдениет қызметкерлерінің жалақысы 35-50%-ға, әлеуметтік сала қызметкерлерінің жалақысы 30-60%-ға көтерілді.

Кәсіподақтар федерациясы қызметін және кәсіподақ қозғалысының бірлігін нығайту мен шоғырландыру бойынша оның ұйымдастырушылық құрылымдарын жетілдіру жөніндегі жұмыс Кәсіподақтар федерациясы қызметінің негізгі мәселесі болды.

Кәсіподақ қозғалысын жаңғырту, оның қазіргі заманғы жағдайларға сәйкес келетін және кәсіподақтардың әлеуетін жұмыскерлердің мүдделері үшін барынша толығымен пайдалануға мүмкіндік беретін моделін құру бойынша жұмыс жүргізілді.

Кәсіподақтар федерациясы мен оның мүше ұйымдарының кадрлық құрамын күшейту кәсіподақтар қызметінің тиімділігін арттырудың маңызды

шарты болып табылады. Кәсіподақтардың мүшелік ұйымдары мен аумақтық бірлестіктерінің басшылығы, негізінен, жас кәсіподақ кадрлары мен белсенділерін жоғарылату арқасында айтарлықтай жаңартылды. Бүгінгі күні салалық кәсіподақтар төрағаларының орташа жасы - 58 жас (2015 жылы - 63 жас), ҚРКФ аппараты қызметкерлерінің - 39,5 жас (2015 жылы - 49,5 жас).

2015-2019 жылдары жастар саясаты саласында жұмыс күшейтілді, кәсіподақ мүшелерінің жалпы санындағы жастардың үлесі 32%-ды құрады

Есепті кезеңде Кәсіподақтар федерациясы шетелдік кәсіподақ орталықтары мен халықаралық ұйымдар арасынан 34 ұйыммен ынтымақтастық орнатты.

Кәсіподақтар федерациясының өкілдері 150 халықаралық іс-шараларға қатысты, онда қазіргі заманғы сын-қатерлерді ескерумен кәсіподақ қозғалысын жаңғырту мәселелері белсенді түрде талқыланды.

Сонымен бірге, съезд Кәсіподақтар федерациясының қызметінде бірқатар проблема бар екендігін атап өтті, Кәсіподақтар федерациясы мен оның ұйымдық құрылымдарының алдағы уақытта қызметі оларды шешуге бағытталу тиіс.

Жұмыскерлердің лайықты жалақы мен қауіпсіз еңбек жағдайына құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі әлеуметтік әріптестердің рөлін күшейту мәселелері әлі де өзекті күйінде қалып отыр.

Кәсіподақ мүшелерінің санының төмендеу тенденциясы сақталуда. Салалық кәсіподақтардың құрылымын жетілдіру және нығайту, кәсіподақтардың салалық және аумақтық бірлестіктерінің өзара іс-қимылын күшейту, мүше ұйымдардың мәртебесі мен рөлін анықтау мәселелері одан әрі шешуді талап етеді. ҚРКФ алқалы органдарының шешімдерін орындау үшін кәсіподақ ұйымдарының барлық деңгейдегі басшыларының атқарушылық тәртіпті сақтау міндеттері шешілмеген күйінде қалуда.

Кәсіподақтар федерациясының бірқатар мүше ұйымдарының ақпараттық ресурстары жеткілікті деңгейде жұмыс атқармайды, ал кейбір мүше ұйымдарда бүгінгі күнге дейін ондай ресурстар әлі де жоқ.

Кәсіподақ қозғалысының бірлігін нығайту мен күш-жігерін біріктіру, кәсіподақтардың ұйымдастырушылық және қаржылық қызметін жетілдіру, кәсіподақ мүшелігін ынталандыру, жаңа мүшелерді кәсіподақтарға тарту мен кәсіподақ ұйымдарын құру, кадрлық саясат, Кәсіподақтар федерациясының жастар саясатын жүзеге асыру мәселелері ерекше назар аударуды талап етеді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының XXVI съезі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы Бас Кеңесінің 2015-2020 жылдарға арналған есепті кезеңдегі жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы қызметінің 2020-2025 жылдарға арналған «Әділеттілік пен дамуға – бірлікте» стратегиясы қабылдансын.

3. ҚРКФ Бас Кеңесі, мүше ұйымдар ҚРКФ 2020-2025 жылдарға арналған «Әділеттілік пен дамуға – бірлікте» стратегиясының мақсаттарын, міндеттері мен қағидаларын іске асыруды қамтамасыз етсін.

4. Кәсіподақтар федерациясы мен оған мүше ұйымдар төмендегі мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылсын:

4.1. Жұмыскерлердің еңбек құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ету, кәсіподақтардың рөлін арттыру, олардың құқықтары мен қызмет кепілдіктерін кеңейту мақсатында ҚР Еңбек кодексін және «Кәсіптік одақтар туралы» ҚР Заңын одан әрі жетілдіру.

4.2. Ең төменгі жалақы мөлшерін көтеру, ең төменгі күнкөріс мөлшерін есептеу әдістемесін өзгерту, тұтыну себетінің құрамы мен құрылымын қайта қарау.

4.3. Ауыр жұмыстармен, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыспен айналысатын жұмыскерлер үшін зейнеткерлік жасты 63-тен 55-ке, 55-тен 50-ге дейін біртіндеп төмендету.

4.4. Өндірісте жарақат алған қызметкерлердің денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру үшін регрессивтік төлемдер мөлшерінің кәсіпорындағы орташа жалақының өсуіне пропорционалды артуы және зейнеткерлік жасқа жеткеннен кейін алу құқығын қалпына келтіру.

4.5. Халықаралық еңбек ұйымының «Әлеуметтік қамтамасыз етудің ең төмен нормалары туралы» №102, «Дамушы елдерді ерекше ескерумен ең төменгі жалақыны белгілеу туралы» №131, «Ұжымдық келіссөздерге жәрдемдесу туралы» №154 конвенцияларын бекіту.

4.6. Жалақыны индекстеуді жүзеге асырудың құқықтық механизмін заңнамалық тұрғыдан бекіту арқылы республикалық деңгейде белгілеу (жалақыны реттеу мақсатында қолданылатын индексация ұғымын; жұмыс берушілердің жалақыны индекстеу, оның жиілігі мен критерийлеріне байланысты индекстеудің негізгі принциптері (есептеу негіздері) бойынша нақты белгіленген міндеттемесін бекіту).

4.7. Заң шығару процесінде кәсіподақтардың рөлін күшейту, оның ішінде кәсіподақ өкілдерінің барлық деңгейлердегі заң шығарушы (өкілдік) билік органдарына сайлау науқанына белсенді қатысуы; іс-әрекеттері жұмыскерлердің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге ықпал ететін саяси партиялармен ынтымақтастық арқылы.

4.8. Кәсіподақтардың ұйымдық бірлігін одан әрі нығайту, кәсіподақ мүшелерінің санын көбейту, ұқсас салаларды, шағын салалық кәсіподақтарды негіздеп біріктіру және шоғырландыру шараларын жүзеге асыру, кәсіподақтардың ұтымды құрылымын қалыптастыру; кәсіподақтардың ынтымақтастығы мен бірлігін, атқарушылық және қаржылық тәртіпті сөзсіз сақтау, ҚРКФ органдары шешімдерін орындау үшін мүше ұйымдар басшыларының жеке жауапкершілігін нығайту.

4.9. Кәсіподақтардың бірыңғай қаржылық саясатын жүзеге асыру және салалық кәсіподақтардағы мүшелік жарналарды шоғырландыру және оларды

кәсіподақ атынан одан әрі тарату бойынша жұмысты өзектендіру; өзара келісілген шешімдерге негізделген жарғылық қызметті қаржылық қамтамасыз ету мәселелерінде ұйымдастырушылықты жетілдіру және атқарушылық тәртіпті нығайту.

4.10. Халықаралық кәсіподақтардың ынтымақтастық қағидаттарын сақтау, ҚРКФ және оған мүше ұйымдардың халықаралық кәсіподақ ұйымдарымен, салалық және өңірлік кәсіподақ бірлестіктерімен, шет елдердің кәсіподақ орталықтарымен өзара іс-қимылын нығайту және ынтымақтастықты арттыруға қол жеткізу.

5. Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары төмендегілерге бағытталған жұмысты жалғастырсын:

5.1. Келісімдерде, ұжымдық шарттарда көрсетілген шарттар мен жағдайларда еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдау.

5.2. Жұмыскерлердің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша тиімді құқық қорғау қызметін іске асыруды қамтамасыз ету, оның ішінде кәсіподақтардың заңды қызметін нығайту, заң клиникасын құру, кәсіподақтардың азаматтарды қабылдауын өткізу.

5.3. Қызметкерлерді жұмыспен қамтудың стандартты емес түрлерінен қорғауды қамтамасыз ету (қарыз үшін еңбекті қолдануға және аутсорсингті экономикалық тұрғыдан негізсіз пайдалануға жол бермеу).

5.4. Еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекцияны күшейту, өз міндеттерін сапалы орындау үшін білікті, ұстамды, белсенді, қамқор қызметкерлерді іріктеуді жүзеге асыру.

5.5. Кәсіподақ мүшелерін кеңінен таралған белсенді кәсіподақ қызметіне тарту арқылы кәсіподақ өмірін одан әрі демократияландыру бойынша шара қабылдау, олардың кәсіподақ ұйымдарының мәселелерін шешуге тікелей қатысуын қамтамасыз ету.

5.6. Кадрлар мен активті даярлаудың кәсіподақ жүйесін жетілдіру, кәсіподақ құрылымдарын ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз етуді жақсарту.

5.7. Қаржылық тәртіпті сақтауды, кәсіподаққа мүшелік жарналарды аударудың толықтығы мен уақтылығын, басқа кірістерді, кәсіподақтың қаражаты мен мүлкін заңды, мақсатты және тиімді пайдалануды бақылау бойынша кәсіподақ бақылауын жүзеге асыруда барлық деңгейдегі тексеру комиссияларының жұмысын жандандыру және рөлін күшейту.

5.8. Азаматтардың әлеуметтік қорғалуын арттыру мақсатында азаматтардың өтініштерімен жұмысты күшейту, олардың негізді өтініштері мен заңды талаптарын қанағаттандыру, кәсіподақтардың еңбекшілермен байланысын нығайту.

6. Мүше ұйымдардың жетекші органдары өз отырыстарында Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының XXVI съезінің қорытындыларын

қарасын, съезд шешімдерін орындау және кәсіподақ мүшелерін съезд қабылдаған шешімдер туралы ақпараттандыру бойынша шара қабылдасын.

7. Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының Бас Кеңесіне съезд делегаттарының ұсыныстары мен ескертулерін ескерумен Қазақстан Республикасы Кәсіподақтары федерациясының XXVI съезінің шешімдерін іске асыру жоспарын әзірлеу тапсырылсын.

Съезд төрағасы,

Кәсіподақтар федерациясының төрағасы  **С. Дәулеталин**



XXVI СЪЕЗД ФЕДЕРАЦИИ ПРОФСОЮЗОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ПО С Т А Н О В Л Е Н И Е

2 сентября 2020 года

г. Нур-Султан

**Об отчете Генерального Совета Федерации профсоюзов
Республики Казахстан о деятельности по выполнению
решений XXIV и XXV (внеочередного) съездов
Федерации профсоюзов и задачах её деятельности
на 2020-2025 годы**

XXVI съезд Федерации профсоюзов Республики Казахстан констатирует, что деятельность Федерации и ее членских организаций была направлена на выполнение решений XXIV и внеочередного XXV съездов ФПРК, дальнейшее укрепление и развитие профсоюзного движения, защиту трудовых и социально-экономических прав и интересов членов профсоюза, повышение уровня жизни трудящихся на основе социального партнерства.

За отчетный период Федерацией профсоюзов и ее членскими организациями принят ряд существенных мер по защите трудовых и социально-экономических прав и интересов наемных работников.

Представители Федерации профсоюзов и членских организаций в отчетном периоде принимали активное участие в рабочих группах Мажилиса Парламента Республики Казахстан в ходе рассмотрения законопроектов, касающихся трудовых отношений, занятости, регулирования вопросов применения заемного труда и др.

Необходимо отметить, что сегодня в стране на достаточно высоком уровне развивается социальное партнерство: заключены Генеральное соглашение между Правительством Республики Казахстан, республиканскими объединениями работников и республиканскими объединениями работодателей на 2018-2020 годы, 21 отраслевых и 16 региональных соглашений.

По инициативе Федерации профсоюзов проведены выездные заседания Республиканской трехсторонней комиссии по социальному партнерству и регулированию социальных и трудовых отношений с рассмотрением вопросов социально-трудовой сферы.

В результате активной работы профсоюзов на предприятиях и в организациях, за период с 2015 по 2019 годы увеличилось количество коллективных договоров в 1,7 раза.

Впервые представители республиканских объединений профсоюзов выработали единые позиции, отраженные в проекте нового Генерального соглашения между Правительством Республики Казахстан, республиканскими объединениями профессиональных союзов и республиканскими объединениями работодателей.

В отчетный период, Федерация профсоюзов последовательно отстаивала интересы работников на безопасные условия труда на рабочем месте и сохранение их здоровья. В результате принятых комплексных мер по вопросам безопасности и охраны труда, осуществляемых профсоюзами совместно с государственными органами и работодателями за 2015-2019 годы в республике достигнуто снижение производственного травматизма на 17,4%, а со смертельным исходом на 29%.

Используя возможности социального партнерства, Федерации профсоюзов и ее членским организациям удалось изменить отношение к вопросам безопасности и охраны труда в республике.

Социальными партнерами сегодня реализуется Дорожная карта по снижению производственного травматизма и рабочих мест с вредными условиями труда в РК на 2019-2023 годы, утвержденная постановлением Правительства РК от 26 июня 2019 года № 441.

Продолжается работа по внедрению на крупных предприятиях инициированного Главой государства в мае 2019 года проекта «Народный контроль», по продвижению концепции «VisionZero - Нулевой травматизм».

Одним из основных направлений Федерации профсоюзов и ее членских организаций стало активное участие в работе республиканского и региональных штабов по мониторингу повышения заработной платы низкооплачиваемым категориям работников. В 2019 году в рамках социальной ответственности и при участии профсоюзов 203 тыс. работодателей республики повысили заработную плату 1,2 млн. низкооплачиваемым работникам на 32% - с 46 тыс. тенге до 61 тыс. тенге.

В целях социальной защищенности с 1 июня 2019 года была увеличена заработная плата работников бюджетной сферы на 30%. С 1 января 2020 года заработная плата работников образования была увеличена на 25%, работников культуры - на 35-50%, социальной сферы - на 30-60%.

Ключевым вопросом деятельности Федерации профсоюзов была работа по ее совершенствованию и организационных структур по укреплению единства и консолидации профсоюзного движения.

Проведена работа по модернизации профсоюзного движения, созданию его модели, соответствующей современным условиям и дающей возможность наиболее полно использовать потенциал профсоюзов в интересах работников.

Кадровое укрепление Федерации профсоюзов и её членских организаций является важнейшим условием повышения эффективности деятельности

профсоюзов. Существенно обновлен руководящий состав членских организаций и территориальных объединений профсоюзов, преимущественно с выдвижением молодых профсоюзных кадров и активистов. На сегодня средний возраст председателей отраслевых профсоюзов - 58 лет (в 2015 г. - 63 года), сотрудников аппарата ФПРК - 39,5 лет (2015г.- 49,5 года).

За 2015-2019 годы активизировалась работа в сфере молодежной политики - удельный вес молодежи в общем числе членов профсоюзов составил 32 %

За отчетный период Федерацией профсоюзов налажено сотрудничество с 34 организациями из числа зарубежных профцентров и международных организаций.

Представители Федерации профсоюзов приняли участие в 150 международных мероприятиях, на которых активно обсуждались проблемы модернизации профсоюзного движения с учетом современных вызовов.

Вместе тем, съезд отмечает, что в деятельности Федерации профсоюзов остаются ряд проблем, на решение которых должна быть направлена деятельность Федерации профсоюзов и ее организационных структур в предстоящем периоде.

Актуальными остаются вопросы обеспечения прав и интересов работников на достойную заработную плату и безопасные условия труда, усиления роли социального партнерства на всех уровнях.

Сохраняется тенденция снижения численности членов профсоюзов. Требуют дальнейшего решения вопросы совершенствования и укрепления структуры отраслевых профсоюзов, усиления взаимодействия отраслевых и территориальных объединений профсоюзов, определения статуса и роли членских организаций. Остаются нерешенными задачи соблюдения исполнительской дисциплины руководителями профсоюзных организаций всех уровней за выполнением решений коллегиальных органов ФПРК.

Недостаточно эффективно работают информационные ресурсы ряда членских организаций Федерации профсоюзов, а у некоторых членских организаций такие ресурсы отсутствуют до настоящего времени.

Особого внимания требуют вопросы укрепления единства и консолидации профсоюзного движения, совершенствования организационной и финансовой деятельности профсоюзов, мотивации профсоюзного членства, вовлечения в профсоюзы новых членов и создания профсоюзных организаций, кадровой политики и реализации молодежной политики Федерации профсоюзов.

В связи с вышеизложенным, XXVI съезд Федерации профсоюзов Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Признать работу Генерального Совета Федерации профсоюзов Республики Казахстан за отчетный период 2015-2020 годы удовлетворительной.

2. Принять Стратегию деятельности Федерации профсоюзов Республики Казахстан на 2020-2025 годы «В единстве к справедливости и развитию».

3. Генеральному Совету ФПРК, членским организациям, обеспечить реализацию целей, задач и принципов Стратегии ФПРК на 2020-2025 годы «В единстве к справедливости и развитию».

4. Федерации профсоюзов и ее членским организациям добиваться достижения следующих целей:

4.1. Дальнейшего совершенствования Трудового кодекса РК и Закона РК «О профессиональных союзах» в целях обеспечения эффективной защиты трудовых прав работников, повышения роли профсоюзов, расширения их прав и гарантий деятельности.

4.2. Повышения размера минимальной заработной платы, изменения методики расчета прожиточного минимума, пересмотра состава и структуры потребительской корзины.

4.3. Поэтапного снижения пенсионного возраста, начиная с 63 до 55 лет, с 55 до 50 лет, для работников, занятых на тяжёлых работах, работах с вредными и (или) опасными условиями труда.

4.4. Повышения размера регрессных выплат по возмещению ущерба работникам, пострадавшим на производстве пропорционально росту средней заработной платы на предприятии и восстановления права на их получение после достижения пенсионного возраста.

4.5. Ратификации конвенций Международной организации труда № 102 «О минимальных нормах социального обеспечения», № 131 «Об установлении минимальной заработной платы с особым учетом развивающихся стран», №154 «О содействии коллективным переговорам».

4.6. Установления на республиканском уровне путем законодательного закрепления правового механизма осуществления индексации заработной платы (закрепления понятия индексации, применяемого в целях регулирования оплаты труда; четко прописанной обязанности работодателей производить индексацию заработной платы, основных принципов индексации, связанных с ее периодичностью и критериями (основаниями исчисления).

4.7. Укрепления роли профсоюзов в законотворческом процессе, в том числе путем активного участия представителей профсоюзов в избирательных кампаниях в законодательные (представительные) органы власти всех уровней; сотрудничества с политическими партиями, чьи действия способствуют решению социально-экономических проблем трудящихся.

4.8. Дальнейшего укрепления организационного единства профсоюзов, увеличения профсоюзного членства, осуществления мер по обоснованному объединению и укрупнению идентичных отраслей, малочисленных отраслевых

профсоюзов, формированию рациональной профсоюзной структуры; укрепления профсоюзной солидарности и единства, безусловного соблюдения исполнительской и финансовой дисциплины, персональной ответственности руководителей членских организаций за выполнение решений органов ФПРК.

4.9. Реализации единой финансовой политики профсоюзов и активизации работы по консолидации членских взносов в отраслевых профсоюзах и дальнейшему распределению их от имени профсоюзов; повышения организованности и укрепления исполнительской дисциплины в вопросах финансового обеспечения уставной деятельности, основанной на взаимосогласованных решениях.

4.10. Соблюдения принципов международной профсоюзной солидарности, укрепления взаимодействия и углубления сотрудничества ФПРК и ее членских организаций с международными профсоюзными организациями, отраслевыми и региональными объединениями профсоюзов, профсоюзными центрами зарубежных стран.

5. Органам профсоюзных организаций всех уровней продолжить работу, направленную на:

5.1. Принятие мер по повышению эффективности осуществления общественного контроля за соблюдением трудового законодательства, на условиях и в порядке закрепленных соглашениями, коллективными договорами.

5.2. Обеспечение осуществления эффективной правозащитной деятельности по отстаиванию трудовых и социально-экономических прав и законных интересов работников, в том числе путем укрепления правовой службы профсоюзов, создания юридической клиники, проведения профсоюзного приема граждан.

5.3. Обеспечение защиты работников от нестандартных форм занятости (недопущение применения заемного труда и экономически необоснованного применения аутсорсинга).

5.4. Укрепление технической инспекции по охране труда, осуществление подбора квалифицированных, принципиальных, активных, неравнодушных работников для качественного выполнения обязанностей.

5.5. Принятие мер по дальнейшей демократизации профсоюзной жизни через вовлечение членов профсоюзов в повсеместную активную профсоюзную деятельность, обеспечение их непосредственного участия в решении вопросов профсоюзных организаций.

5.6. Совершенствование профсоюзной системы подготовки кадров и актива, улучшение информационного и методического обеспечения профсоюзных структур.

5.7. Активизирование работы и усиление роли ревизионных комиссий всех уровней в осуществлении профсоюзного контроля за соблюдением финансовой дисциплины, полнотой и своевременностью перечисления членских

профсоюзных взносов, иных доходов, за законным, целевым и эффективным использованием профсоюзных средств и имущества.

5.8. Усиление работы с обращениями граждан в целях повышения социальной защищенности граждан, удовлетворения их обоснованных просьб и законных требований, укрепления связей профсоюзов с трудящимися.

6. Руководящим органам членских организаций рассмотреть на своих заседаниях итоги XXVI съезда Федерации профсоюзов Республики Казахстан, принять меры по выполнению решений съезда и информированию членов профсоюзов о принятых съездом решениях.

7. Поручить Генеральному Совету Федерации профсоюзов Республики Казахстан разработать и принять План по реализации решений XXVI съезда Федерации профсоюзов Республики Казахстан с учетом предложений и замечаний, делегатов съезда.

**Председатель съезда,
Председатель Федерации профсоюзов**

 **С. Даулеталин**







